

«Екпетал мектеп-балабақшасы»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жоспарына сәйкес

Анықтама

Тақырып: «Жеке қауіпсіздік және баланы зорлық-зомбылықтан қорғау »

Мақсаты: Ата-аналардың баланың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапкершілігін арттыру, зорлық-зомбылықтың түрлері мен белгілерін тануға үйрету, қауіптің алдын алу жолдарын түсіндіру және бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Сынып:5-7

1.Тренинг:«Қауіпті белгіні таны» тренингі

Мақсаты: Зорлық-зомбылықтың жасырын белгілерін анықтау

Өту барысы:

- Ата-аналарға түрлі жағдайлар жазылған карточкалар беріледі (мысалы: бала тұйықталды, қорқақ болды, үйге барудан қашады).
- Топпен талқылап, бұл жағдай қауіпті ме, жоқ па екенін анықтайды.
- Психолог немесе сынып жетекшісі түсіндірме береді.

2.Тренинг:«Мен қалай әрекет етемін?» рөлдік ойыны

Мақсаты: Дұрыс әрекет ету дағдысын қалыптастыру

Өту барысы:

- Ата-аналарға нақты жағдаяттар ұсынылады (бала зорлық туралы айтты, бала үндемей қалды).
- Әр топ өз әрекетін көрсетеді.
- Соңында дұрыс және қате әрекеттер бірге талданады.

3.Тренинг:«Сенім көпірі» жаттығуы

Мақсаты: Бала мен ата-ана арасындағы сенімді күшейту

Өту барысы:

- Ата-аналар балаға күнделікті айтылуы тиіс қолдау сөздерін жазады

(Мен сені тыңдаймын, Саған сенемін).

- Талқылау барысында сенімсіздіктің салдары мен сенімнің маңызы айтылады.

Қорытынды: Бұл тренинг ата-аналардың баланың жеке қауіпсіздігін қорғаудағы рөлінің маңызын терең түсінуіне мүмкіндік берді. Қатысушылар зорлық-зомбылықтың белгілерін ажыратып, қауіптің алдын алу жолдарын меңгерді. Ең бастысы, ата-аналар балаға сенімді орта қалыптастыру, оны тыңдау және қолдау көрсету – зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі кепілі екенін ұғынды.



Өткізген: Нұрлыбекова С.Е, Күзембаева Л.Р.